

## Шарбақты ауданы Татьянаовка ауылдық округінің Малиновка ауылындағы көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы Татьянаовка ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 4899 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, 2015 жылғы 2 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Шарбақты ауданы Татьянаовка ауылдық округінің Малиновка ауылының келесі көшелері қайта өзгертілсін:

"Южная" көшесін "Махмет Қайырбаев" көшесіне;

"Юбилейная" көшесін "Серікбай Мүткенов" көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуы бақылауын өзіме қалдырамын

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

*Әкім*

*Қ. Әліжекеев*